

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 422 "2020-2022 жылдарға арналған Тоғыз ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 457 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 сәуірде № 7005 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 422 "2020-2022 жылдарға арналған Тоғыз ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6684 тіркелген, 2020 жылы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "39752,0" сандары "41467,6" сандарымен ауыстырылсын;

салықтық емес түсімдер – "72,0" сандары "1487,6" сандарымен ауыстырылсын;

трансферттердің түсімдері – "38896,0" сандары "39196,0" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "39752,0" сандары "41467,6" сандарымен ауыстырылсын;

7 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Тоғыз ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджетіне аудандық бюджеттен мынадай көлемдерде ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінгені ескерілсін:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға - 18943,0 мың теңге;

елді мекендерді көркейтуге – 300,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу Тоғыз ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының сессия төрағасы

Ж. Утегенов

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 2
сәуірдегі № 457 шешіміне қосымша

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6
қаңтардағы № 422 шешіміне
1 қосымша

2020 жылға арналған Тоғыз ауылдық округ бюджеті

Санаты			Сомасы
Сыныбы			, мың теңге
Ішкі сыныбы			
Атауы			
		I. Кірістер	41467,6
1		Салықтық түсімдер	784,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	784,0
		1 Мүлікке салынатын салықтар	14,0
		3 Жер салығы	20,0
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	750,0
2		Салықтық емес түсімдер	1487,6
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	72,0
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	72,0
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	1415,6
		1 Жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан қаражат қалдықтарының түсімдері	1415,6
4		Трансферттердің түсімдері	39196,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	39196,0
		3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	39196,0
II. Шығындар			41467,6
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	17322,0
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	17322,0
		124 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17322,0
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17022,0

		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	300,0
04			Білім беру	21078,0
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	21078,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	21078,0
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	21078,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3067,6
	3		Елді-мекендерді көркейту	3067,6
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3067,6
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	407,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1061,6
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1599,0
			III. Бюджет тапшылығы (профицит)	0,0
			IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК